



ШЕШІМ
14.12.2023

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ
120/15-VIII

№

город Астана

**Астана қаласы әкімдігінің
жанындағы тұрғын үй
комиссиясының құрамы туралы**

Астана қаласы әкімінің ұсынысын қарап, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Астана қаласы әкімдігінің жанындағы тұрғын үй комиссиясының құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Астана қаласы мәслихатының келесі шешімдерінің:

2023 жылғы 30 мамырдағы № 39/4-VIII «Астана қаласы әкімдігінің жанындағы тұрғын үй комиссиясының құрамы туралы»;

2023 жылғы 31 қазандағы №97/12-VIII «Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №130/18-VII «Астана қаласы әкімдігінің жанындағы Тұрғын үй комиссиясының құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» күші жойылсын.

Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

Е. Каналимов

Астана қаласы мәслихатының
2023 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 120/15-VIII шешіміне
қосымша

Астана қаласы әкімдігінің жанындағы тұрғын үй комиссиясының
құрамы

- | | |
|---|---|
| Глотов
Евгений Сергеевич
Саипов
Әнуар Әбдіразақұлы | – Астана қаласы әкімінің орынбасары, төраға |
| | – «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы, төрағаның орынбасары |
| Сиқымова
Зарема Маратқызы | – «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің тұрғын үй беру бойынша азаматтарды есепке алу бөлімінің басшысы, хатшы |
| Самидин
Сәуле Самидинқызы | – Астана қаласы мәслихатының депутаты |
| Орынбасаров
Азамат Манасұлы | – Астана қаласы мәслихатының депутаты |
| Мусин
Тимур Уәлиханұлы | – «Астана қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік-құқықтық бөлімінің басшысы |
| Тергембаев
Самат Ильясұлы | – Астана қаласы әкімдігінің жанындағы «Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешені» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры |
| Алауханов
Есбергел Оразұлы | – Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі |
| Ахметов
Одешхан Шахаманұлы | – «Астана қаласының «Чернобыль одағы» ардагерлер мен мүгедектердің қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша) |
| Түлекпаев
Миранбек Уашұлы | – Астана қаласының «Ауғанстан соғысындағы ардагерлер мен мүгедектер одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша) |